



## Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

### 2021 Қыркүйек

2021 жылғы қыркүйекте инфляция 0,4% құрады (тамызда – 0,5%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір айда 0,1%-ға (тамызда – 0,1%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 0,6%-ға (тамызда – 0,6%), ақылы қызметтер бағасы 0,7%-ға өсті (тамызда – 0,8%). Жылдық инфляция 8,9% құрады (тамызда – 8,7%).


Өңірлер бойынша жылдық инфляцияның өсімінің жеделдеуі 13 өңірде, бәсеңдеуі 3 өңірде байқалып, 1 өңірде бағаның өсу қарқыны өзгеріссіз қалды. Бағаның өсу қарқынының ең айқын баяулауы Павлодар облысында орын алды, бұл өңірде көрсеткіш тамыз айындағы 9,2%-дан қыркүйек айында 8,8%-ға дейін төмендеді. Инфляцияның ең жоғары жеделдеуі Қызылорда облысында байқалды (8,2%-дан 8,8%-ға дейін). Жылдық инфляция 6 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау облысында байқалды (9,8%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 қыркүйек – 2021 қыркүйек), %-бен

	а/а	ж/ж		
Қазақстан Республикасы		8,1	8,9	9,8
Ақмола облысы			●	
Ақтөбе облысы				●
Алматы облысы		●		
Атырау облысы				●
Батыс Қазақстан облысы			●	
Жамбыл облысы				●
Қарағанды облысы				●
Қостанай облысы			●	
Қызылорда облысы			●	
Маңғыстау облысы				●
Павлодар облысы			●	
Солтүстік Қазақстан облысы		●		
Түркістан облысы				●
Шығыс Қазақстан облысы			●	
Нұр-Сұлтан қ.			●	
Алматы қ.			●	
Шымкент қ.			●	


Алматы қаласы мен Алматы облысы Қазақстан бойынша ТБИ өсуіне едәуір үлес қосуды жалғастыруда (тиісінше 1,4 п.т. және 1,0 п.т.), олардың ТБИ-де салмағы ең жоғары. Осы өңірлерде бағаның өсуі тиісінше 8,7% және 8,5% болды.

2-сурет. ТБИ-дегі өңірлердің салмағы, %-бен үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

3-сурет. ТБИ-ге өңірлердің үлесі, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары бір жылда 11,5%-ға (тамызда – 11,4%-ға) қымбаттады. Ең төменгі өсу Шығыс Қазақстан (10,5%) және Солтүстік Қазақстан (10,6%) облыстарында, ең жоғары өсу – Маңғыстау облысында (13,1%) байқалды.

Ел бойынша азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 7,5%-ға (тамызда - 7,3%-ға) өсті. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының ең жоғары өсуі Атырау және Ақтөбе облыстарында (8,0%-дан), ең төмен өсуі – Павлодар облысында тіркелді (6,8%).

Елімізде ақылы қызметтер 6,8%-ға (тамызда - 6,6%-ға) қымбаттады, Ақтөбе және Жамбыл облыстарында бағаның өсуі 8,0% құрады, Алматы және Қызылорда облыстарында ақылы қызметтер бағасы әлдеқайда төмен қарқынмен өсті (6,1%).

4-сурет. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен




Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қыркүйекте айлық ТБИ-не азық-түлік тауарлары инфляциясының қосқан үлесі (0,10 п.т.) азық-түлікке жатпайтын тауарлар (0,13 п.т.) мен ақылы қызметтер (0,17 п.т.) инфляциясының қосқан үлесінен төменірек болды. Ет және ет өнімдеріне бағаның өсу қарқыны **азық-түлік** инфляциясына ең жоғары үлес қосуды жолғастыруда (0,11 п.т.), жемістер мен көкөністер бағасы 4,7%-ға арзандап, азық-түлік инфляциясына (-)0,13 п.т. шамасында кері үлес қосты (5-сурет).

Жалпы ел бойынша азық-түлік бағасы тамыз айындағыдай 0,1%-ға өсті. Азық-түлік тауарларының ең жоғары қымбаттау қарқыны (0,6%) Атырау облысы және Алматы мен Шымкент қалаларында орын алды, сонымен қатар Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай және Павлодар облыстарында 0,1%-0,6% шегінде азық-түлік бағасының төмендеуі байқалды.

Ет және ет өнімдеріне баға Қазақстанда өзгеріссіз қалды (1,3%), алайда құс етіне бағаның өсу қарқыны бәсеңдеді (3,7%-дан 2,3%-ға дейін). Өңірлер бойынша қарастырсақ ең жоғарғы өсім (3,2%) Алматы қаласында тіркелді, мұнда әсіресе сиыр еті (5,3%) мен жылқы еті (4,0%) қымбаттады, ал ел бойынша өсім сәйкесінше, 1,6% және 1,4% құрады. Атырау облысында сиыр етінің қымбаттауы (3,5%) және құс етінің аймақтар арасындағы ең жоғарғы өсімі (4,5%) тіркелді. Шымкент қаласында сүт өнімдері қымбаттады (2,3%-ға, ал ел бойынша өсім - 0,9%), әсіресе пәстерленген сүт (3,0%) пен қаймақ (2,5%), бұл өнімдерге бағаның ел бойынша өсімі сәйкесінше 1,1% және 1,2% құрады.

5-сурет. Бір айда азық-түлік бағасының инфляцияға қосқан үлесі (п.т.)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

**Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың** айлық инфляцияға қосқан үлесі қыркүйек айындағы 0,13 п.т. құрады (тамызда – 0,15 п.т.). Елде бір айда бағаның өсуі тамыздағыдай 0,6% болды. Елімізде дизель отынының бағасы айтарлықтай өсті (3,8%), ең жоғарғы өсім Батыс Қазақстан (10,9%), Қарағанды (10,1%), Солтүстік Қазақстан (9,2%) облыстарында, ал ең төменгі өсім Түркістан облысында (0,6%) тіркелді. Сонымен бірге елімізде жанармай бағасы 0,1% төмендеді.

**Ақылы қызметтерге** бағаның өсуі тамыз айында айлық инфляцияға ең көп үлес қосты - 0,17 п.т. (тамызда - 0,20 п.т.), бір айдағы бағаның өсу деңгейі 0,7% құрады (тамызда – 0,8%). Қазақстанда жолаушы көлігінің қызметі 0,7%-ға арзандағанымен, білім беру 6,3%-ға қымбаттады. Білім беру қызметі өңірлердің басым бөлігінде қымбаттады, ең жоғарғы өсім Батыс Қазақстан облысында байқалды (13,2%). Сонымен бірге облыста тұрғын үйді жалдау бағасының да ең жоғары өсімі тіркелді (12,8%), ал елдегі орташа өсім 2,1% құрады. Сонымен қатар тұрғын үйді жалдау бағасының Нұр-Сұлтан мен Шымкент қалаларында да айтарлықтай өскенін атап өткен жөн (сәйкесінше, 7,4% және 6,3%). Батыс Қазақстан облысында суық су тарифінің (25,4%), ыстық су тарифінің (2,5%) және су бұру қызметінің (29,2%) айтарлықтай арзандағанына қарамастан, ақылы қызметтерге бағаның өсу қарқыны ең жоғары (1,7%) болып қалды.